



**«Ұстаздар әулеті» мұғалімдерге арналған облыстық конкурсын ұйымдастыру және өткізу Ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже облыстық «Ұстаздар әулеті» конкурсын ұйымдастыру және өткізу тәртібі мен шарттарын реттейді (әрі қарай - конкурс)

1.2. «Ұстаздар әулеті» конкурсы ұстаз мәртебесін көтеру, бала оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнаған ұрпақтар сабақтастығын нығайту, ұстаздықты ұрпақтан-ұрпаққа жалғаған педагогтердің үлгісін таратуға бағытталған ұстаздар күні мерекесіне орай өткізіледі.

**2. Конкурсты өткізудің мақсаты:**

2.1. Ұстаз мәртебесін көтеру, ұстаздық мамандық имиджін насихаттау отбасы институтының маңыздылығын таныту.

**3. Конкурсқа қатысушылар**

3.1. Конкурсқа қатысуға елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған, шығармашылық, зияткерлік, ғылыми жетістіктері жоғары ұстаздық жолда қызмет еткен, мұғалімдік мамандығын тандап ата-ана жолын бірге жалғастырған ұстаздар әулеті қатыса алады.

**4. Конкурстың мазмұны мен кезеңдері**

Конкурсты өткізудің мынандай кезеңдері белгіленеді:

- Бірінші кезең - аудандық, қалалық кезең қыркүйек айында өткізіледі.

Облыстық кезеңге ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан ұстаздар әулетінің аудандық (қалалық) кезеңінің жеңімпаздары қатыса алады.

- Екінші кезең - облыстық «Ұстаздар әулеті» конкурсы 2023 жылдың 27 қыркүйегінде Талдықорған қаласында өткізіледі.

**5. Конкурстың облыстық туры**

**1 тур «Педагогикалық әулеттің портреті» тақырыбында бейнеролигін (сырттай) ұсынады.**

Бейнероликтің мазмұны монолог жанрында ұсынылған тақырып бойынша қатысушылардың, көзқарасы мен ойын көрсетеді. Бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдар, фотосуреттер, бейнефрагменттер, арнайы әсерлер, фондық музыка қолданылуы мүмкін. Конкурсқа басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын, тақырыпқа сәйкес келмейтін жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды.

Бейнероликке қойылатын талаптар:

форматы: DVD, MPEG4, HD;

ең аз рұқсаты-720x480 (12:8 см);

ұзақтығы - 3-5 минут;

қатысушының атымен ақпараттық сақтағышты рәсімдеу.

### **Бағалау критерийлері:**

- Бейнероликтің мазмұны монолог жанрында ұсынылған тақырып бойынша қатысушылардың көзқарасы мен ойының көрсетілуі;
- Бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдар, фотосуреттер, бейнефрагменттер, арнайы әсерлер, фондық музыкалардың үйлесімділігі;
- Қатысушының атымен ақпараттық сақтағыштың рәсімделуі

### **2 тур «Отбасылық құндылықтар» бетпе бет (5-7 мин)**

Конкурс тапсырмасы **TED формат**: Отбасы тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарды қалыптастыру жолдарын демонстрациялау. Уақыт регламенті: 5-7 минут.

Отбасыларына тән құндылықтарымен таныстыру үшін келесі бағыттар ұсынылады:

**Ескерту:** *(Берілген тақырыптар үлгі ретінде ұсынылған, қатысушы педагог өз тарапынан басқа да тақырыптар ұсына алады)*

- Біздің отбасылық дәстүр
- Әулетіміздің кәсіби тәжірибесі мен құпиясы
- Менің отбасымның өмірлік жолы
- Отбасымның ұстанымы - қоғамдық игілікке қызмет ету, т.б.

### **Бағалау критерийлері:**

- Идеяның құндылығы;
- Аудиториямен байланыс құру;
- Уақытты ұтымды пайдалану;
- Ойын еркін білдіруі.
- Сахна мәдениеті.

## **6. Конкурсты ұйымдастыру**

6.1. Конкурсты Облыстық білім басқармасы ұйымдастырып өткізеді. Қазылар алқасының құрамын тағайындайды. Конкурстың қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды марапаттайды.

## **7. Облыстық кезеңге бейнероликті ұсыну тәртібі**

Облыстық кезеңге қатысу үшін бейнероликті (*DVD, MPEG4, HD форматында*) қатысушының атымен рәсімдеп, 2023 жылдың 25 қыркүйегіне дейін **электронды почтаға** ([jetisu.metod@mail.ru](mailto:jetisu.metod@mail.ru)) жіберілуі қажет. Көрсетілген мерзімнен кеш қалған жұмыстар қабылданбайды.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар тапсырылуы керек:

1. Қатысушылар сұранысы (*1 қосымшаға сәйкес*)
2. Конкурсқа ұсынылған бейнеролик кері қайтарылмайды

## 8. Конкурсты қорытындылау

8.1 Конкурс қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

8.2 Жеңімпаздар «Ұлағат жолындағы ұстаздар», «Ұстаздықты ұлық тұтқан әулет», «Өмірін ұстаздықпен өрнектеген әулет» номинацияларымен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

*1 қосымша*

«Ұстаздар әулеті» мұғалімдерге арналған облыстық конкурсына сұраныс

Әулет туралы жалпы ақпарат	
Аты-жөні (толығымен)	1. 2.
Туған күні, туған жері	
Жалпы еңбек өтілі	
Білімі	
Педагогикалық еңбек өтілі, лауазымы, білім беру мекемелерінде (білім беру мекемесінің атауы,) жұмыс кезеңі	
Құрметті атақтары мен марапаттары	
Педагогикалық жетістіктері	
Қоғамдық қызметі	
Туыстық қарым-қатынастар	